

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 1999 жылғы 21 қыркүйек N 1426 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 6, 40-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Р е г л а м е н т і н д е :

2 3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "және Кеңсеге енгізеді" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Бұл ретте әзірлеуші түпкілікті нұсқасын дайындау процесінде міндетті түрде және толық көлемде мемлекеттік органдардың өзі келіскен және заң техникасы бойынша ескертпелерін жояды. Жобаның аталған нұсқасы виза қою жолымен мүдделі мемлекеттік органдармен (жобаны келісуден бас тартылған жағдайларды қоспағанда) келісіледі және Кеңсеге ұсынылады.";

екінші абзацтағы "келіспеген жағдайда" деген сөздер "Бұл ретте әзірлеуші ескертпелермен және ұсыныстармен келіспеген жағдайда" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

"40-1. Қазақстан Республикасының Парламентінде Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізген заңдардың жобасын ұсынушы уәкілетті тұлғаларға оларды қарау кезінде заңның тұжырымдамасына құқықтық мазмұнын өзгертуге байланысты және мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды арттыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Үкіметпен келіспестен келісім білдіруге тыйым салынады.

Көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының Парламентінде тиісті заң жобасын ұсынушы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары дереу Премьер-Министрдің Кеңесіне бұл өзгерістер мен толықтырулар туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Қазақстан Республикасының Парламентінде тиісті заң жобасын ұсынатын

мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Үкіметтің келісуінсіз көрсетілген негіздемелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіскені үшін жауаптылықта болады.

Парламентарийлер көрсетілген негіздемелер бойынша Үкіметпен келісілмеген өзгерістер мен толықтыруларды дауысқа салған жағдайда заң жобаларын ұсынушы тұлғалар Мәжілістің стенограммасында өзінің қарсылығын көрсетуді талап етуге және Премьер-Министрдің Кеңесіне осы өзгерістер немесе толықтырулар туралы дереу хабарлауға міндетті."

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*